

"Негізінде алынған (алынуға жататын) табыстарды арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу жүзеге асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының растаманы беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1749 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 563 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 271 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.05.2016 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Негізінде алынған (алынуға жататын) табыстарды арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу жүзеге асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының растаманы беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1749 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Негізінде алынған (алынуға жататын) табыстарды арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу жүзеге асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының растаманы беру қағидалары: мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

"12. Аумағы Қазақстан Республикасының бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлігінде орналасқан арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарды растауды арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы салық төлеуші ретінде тіркелген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады." ;  
көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:  
3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ кезеңінде алынған (алынуға жататын) табыстарды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 151-1, 151-2, 151-3, 151-4, 151-5, 151-6-баптарының 1-тармақтарында көрсетілген қызмет түрлерінен түскен табыстарға жатқызу туралы растама-анықтама беруді сұраймыз (керегінің астын сызу керек).".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К.Мәсімов*